

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Жасанды интеллект институты

Бекітемін

Жасанды интеллект
институтының академиялық сапа
жөніндегі комитет төрағасы

 Institute of
Artificial Intelligence Н. С. Кулмурзаев

« 02 » 10 2025 ж.

«Aquila Backend» үйірмесінің
2025-2026 оқу жылына арналған
ЖОСПАРЫ

Қызылорда, 2025

Үйірменің мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

Студенттердің backend бағытындағы кәсіби дағдыларын дамыту, нақты жобалар арқылы тәжірибе алу және командалық жұмыс мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. PHP және MySQL негіздерін үйрету.
2. Объектіге бағытталған бағдарламалау (ООП) принциптерін меңгеру.
3. Framework (Laravel) негіздерінде жұмыс істеу.
4. API және веб-қызметтермен байланыс орнату дағдыларын қалыптастыру.
5. Командалық жобаларда тәжірибе жинақтау.
6. Хакатон мен финалдық жобаға дайындық.

Студенттік үйірменің өзектілігі:

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар саласында backend бағдарламалау бағытындағы мамандарға деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Заманауи веб-қосымшалар мен цифрлық сервистердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі тікелей серверлік бөліктің сапасына байланысты. Осыған байланысты студенттердің PHP, MySQL, Laravel сияқты серверлік технологияларды меңгеруі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болудың маңызды алғышарты болып табылады.

«Aquila Backend» үйірмесі студенттерге тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар нақты жобалар арқылы тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Үйірме жұмысы командалық мәдениетті дамытуға, шығармашылық ойлау мен бағдарламалық шешімдерді жобалауға бағытталған. Нәтижесінде студенттер өз жобаларын қорғап, еңбек нарығына дайын кәсіби маман ретінде қалыптасады.

Жасанды интеллект институтының «Aquila Backend» үйірмесінің

2025-2026 оқу жылына арналған ЖОСПАРЫ

P/c	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауапты	Өткізілетін орын	Орындалу белгісі
1	Оқу жылының алғашқы айында студенттер PHP тілінің негіздерімен танысады. Айнымалылар, массивтер, циклдер және логикалық операторлар тақырыптары қарастырылады. Қатысушылар қарапайым есептер мен шағын скрипттер жаза отырып, тілдің синтаксисін меңгереді. Ай соңында мини-жоба ретінде «Жеке күнделік» немесе «Онлайн калькулятор» жасалады.	Қыркүйек	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
2	Бұл ай MySQL дерекқорымен жұмыс істеуге арналады. Студенттер дерекқор құруды, кестелермен жұмыс істеуді және SQL сұраныстарын орындауды үйренеді. PHP тілінде MySQL базасын жобаға қосу тәсілдері меңгеріледі. PDO және MySQLi кітапханалары арқылы деректер алмасу жүзеге асырылады. Ай соңында «Пайдаланушылар базасы» атты шағын веб-жоба жасалады.	Қазан	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
3	Қараша айында студенттер PHP тілінде объектіге бағытталған бағдарламалауды (ООП) оқиды. Кластар мен объектілер, мұрагерлік, инкапсуляция және полиморфизм ұғымдары талданады. Код құрылымын оңтайлы ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Осы айда қатысушылар ООП принциптерін қолдана	Қараша	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	

	отырып, «Блог жүйесі» атты жоба дайындайды.				
4	Бұл айда студенттер frontend бағытындағы негізгі білімдерді меңгереді. HTML және CSS арқылы веб-беттерді құру және көркемдеу дағдылары дамытылады. JavaScript тілінің негіздерімен танысып, интерактив элементтер қосылады. Ай соңында әр студент өз жеке портфолио сайты жасап шығады.	Желтоқсан	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
5	Қаңтар айы MVC (Model-View-Controller) үлгісін үйренуге арналады. Студенттер жобадағы деректер, интерфейс және басқару логикасы арасындағы байланысты түсінеді. Қарапайым MVC құрылымын пайдаланып, жеке жаңалықтар лентасы немесе блог қосымшасын жасайды.	Қаңтар	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
6	Ақпан айында студенттер Laravel фреймворкімен танысады. Фреймворкті орнату, роутинг құру, контроллерлер мен модельдер жасау, дереккормен жұмыс істеу жолдары қарастырылады. Blade шаблондарының мүмкіндіктері қолданылады. Нәтижесінде «Қарапайым блог» атты Laravel негізіндегі веб-қосымша жасалады.	Ақпан	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
7	Наурыз айының тақырыбы – API және деректер алмасу. REST API логикасы, HTTP сұраныстарын орындау және JSON форматында ақпарат алмасу тәсілдері үйретіледі. Студенттер өздерінің шағын API қызметтерін жасап, сыртқы сервистерден деректер алуды меңгереді.	Наурыз	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	

	Практикалық жоба ретінде «Ауа райы API қосымшасы» құрылады.				
8	Бұл ай командалық жұмысқа арналады. Студенттер топтарға бөлініп, нақты рөлдерге (backend, frontend, database) бөлінеді. Git және GitHub платформаларында бірлесіп жұмыс істеу тәсілдері қарастырылады. Командалар өздерінің алғашқы ортақ жобасын – ToDo немесе mini-CRM жүйесін жасайды. Кодты оңтайландыру мен тестілеу кезеңдері өткізіледі.	Сәуір	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
9	Мамыр айында үйірме мүшелері алдағы хакатонға дайындық жүргізеді. Код сапасын арттыру, өнімділікті жоғарылату және қатемен жұмыс істеу әдістері талданады. Командалар қысқа мерзім ішінде толық жоба жасау тәжірибесін пысықтайды. Mini-хакатон ұйымдастырылып, үш күндік стартап идеялар қорғалады.	Мамыр	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
10	Маусым айында студенттер финалдық жобаларын толық аяқтайды. Командалар толыққанды веб-қосымшаны жасап, оны қорғауға дайындайды. Презентация материалдары әзірленіп, соңғы тестілеу жүргізіледі. Айдың соңында финалдық жобалар таныстырылып, үздік командалар марапатталады. Бұл кезең «Триумфалды кіру Римге» атауымен аталып, клуб жұмысының қорытындысы ретінде өткізіледі.	Маусым	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	
11	Жазғы айда студенттер демалыспен қатар, жеке даму мен қосымша	Шілде	Әбдіқадыр Ильяс Қуанышұлы	ЖИ институты	

	курстарға көңіл бөледі. Үйірме мүшелеріне фриланс жобаларға қатысу, open-source кодтарға үлес қосу немесе өз идеяларын дамыту ұсынылады. Сондай-ақ келесі оқу жылына арналған бағыттар талқыланады.				
--	---	--	--	--	--

Жасанды Интеллект институты директоры:



Н. С. Кулмурзаев

Үйірме жетекшісі:



И. Қ. Әдбікадыр